

Екібастұз қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 11 маусымдағы "Екібастұз қаласында қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған тұлғалар, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар мен интернат ұйымдарының кәмелетке толмаған түлектері үшін 2013 жылға жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" N 547/6 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2013 жылғы 25 қазандағы N 1059/10 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 21 қарашада N 3614 болып тіркелді. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Екібастұз қаласы әкімінің аппарат басшысының 2014 жылғы 31 қаңтардағы N 24/1-23/91 хатымен)

Ескерту. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Екібастұз қаласы әкімінің аппарат басшысының 31.01.2014 N 24/1-23/91 хатымен).

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексі 18-бабының 7) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңы 31-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңы 7-бабының 5-5) тармақшасына сәйкес, Екібастұз қаласының әкімдігі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Екібастұз қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 11 маусымдағы "Екібастұз қаласында қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған тұлғалар, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар мен интернат ұйымдарының кәмелетке толмаған түлектері үшін 2013 жылға жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" N 547/6 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3565 болып тіркелген, 2013 жылғы 11 шілдедегі N 28 (1774) "Отарқа" және N 28 (2986) " Голос Экибастуза" газеттерінде жарияланған) (бұдан әрі – қаулы) келесі өзгеріс е н г і з і л с і н :

қаулының 1-тармағындағы "бір процент мөлшерінде" сөздері "бес процент мөлшерінде" сөздерімен ауыстырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Екібастұз қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Екібастұз қаласының әкімі

А. Вербняк

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК